ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 1 тамыз № 4360-23-00-2/1525 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Исмаилов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Анар Джаббароглы Исмаилов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Исмаилов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Анар Джаббароглы Исмаиловқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Исмаилов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Анар Джаббароглы Исмаилов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Исмаилов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Анар Джаббароглы Исмаиловтан талап қоюшы Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылордажылуэлектрорталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 21 607 (жиырма бір мың алты жүз жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және 649 (алты жүз қырық тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер Исмаилов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Анар Джаббароглы Исмаиловтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтініштер келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайыскызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайыскызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «14» қыркүйек 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайыскызы